

**«Екібастұз қаласы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің 2017 жылы мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы
қызметі туралы есебін көпшілікпен тыңдау
ХАТТАМАСЫ**

Екібастұз қаласы

№3

2018 жылғы 19 наурыз

Төрағалық еткен: ветеринария бөлімінің басшысы К.Х.Турумтаев.

Қатысқандар: Шаруа қожалықтарының басшылары Қ.Х.Турумтаев. ЖШС директорлары – 4 адам, «Екібастұз қаласының ветринарлық станциясы» ШЖҚ КММ қызметкерлері – 23 адам, ветеринария бөлімінің қызметкерлері – 5 адам.

Барлығы – 44 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Екібастұз қаласы әкімдігінің ветеринария бөлімі» ММ 2017 жылғы есебі.
2. Есепті талқылау.

Бас маман Г.Ш.Кенжегарина баяндайды:

2017 жылы ветеринария бөлімі мемлекеттік қызметтің 5 түрі бойынша 37507 қызмет көрсетті, соның ішінде:

1. Өндіріс нысандарына есептік нөмірлер беру – 19.
2. Ветинарлық-санитарлық бақылау және қадағалау нысандарына ветеринарлық-санитарлық қорытынды беру - 21.
3. Ветинарлық анықтама беру - 3118.
4. Ветинарлық төлқұжаттың берілуімен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – 34349.
5. Ветинария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жек ежәне заңды тұлғаларды аттестаттау – 0.

22 бақылау шарасы өткізілді, соның ішінде бекітілген жоспарға сәйкес – 22.

- 1) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау саласындағы қызмет нәтижесі бойынша кеңес – 5;
- 2) Біліктілікті арттыру курстары – 1;

3) ЕАСУ, АЖБ порталдағы мәліметтер базасына енгізудің мониторинг жүргізу – 8;

4) Мемлекеттік қызмет регламенттерін уақытлы бекіту және ресми жариялау мониторингін жүргізу – 4.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау саласындағы қызмет нәтижесі бойынша бөлімнің сайтына жариялау – 4.

Бақылау шаралары бойынша анықталған бұзушылықтар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері жоқ.

Бақылау шараларының нәтижесі бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу туралы мәліметтер жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру шаралары жүргізілді, соның ішінде жалпы оқыту – 4, семинар-4, дөңгелек үстел-2, «Отарқа» газетіне жариялау – 1.

Мемлекеттік қызметтер тізбесіне енгізу үшін мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер жоқ.

3. Жоғарыда көрсетілген мәселелерді қарастыру нәтижесі бойынша ұсыныстар мен шағым-арыздар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру үшін К.Х.Турумтаев мемлекеттік қызмет көрсету бойынша семинар өткізуді ұсынды.

А.Ш.Амирханов мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұқаралық ақпарат құралдарын ажариялауды ұсынды.

Кері пікірлер болған жоқ.

М.К.Алғамбаров бөлімнің жұмысын оңтайлы деп тануды ұсынды.

Көпшілік тыңдау нәтижесі бойынша келесілер ұсынылды:

1. Ветеринария бөлімінің басшысы бөлімнің бас маманы Г.Ш.Кенжегаринаға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіруді ұсынды.

2. ШЖҚ КММ директорына «Отарқа» газетіне көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету материалдарын жариялауды ұсынды, олар: ветеринарлық анықтама беру және ветеринарлық төлқұжаттың берілуімен, ауыл шаруашылығы жануарларын білдейлендіру.

**«Екібастұз қаласы әкімінің
ветеринария бөлімі» ММ басшысы**

К.Х.Турумтаев

